



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

А.БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚОСТАНАЙ Өңірлік университеті



ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ "ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСТЫҚ
МЕМОРИАЛДЫҚ МҰРАЖАЙЫ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "КОСТАНАЙСКИЙ ОБЛАСТНОЙ МЕМОРИАЛЬНЫЙ
МУЗЕЙ ИБРАЯ АЛТЫНСАРИНА" УПРАВЛЕНИЯ КУЛЬТУРЫ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ИННОВАЦИЯ, БІЛІМ, ТӘЖІРИБЕ-БІЛІМ
БЕРУ ЖОЛЫНЫҢ ВЕКТОРЛАРЫ»
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

МАТЕРИАЛДАРЫ

І КІТАП

АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ
«ИННОВАЦИИ, ЗНАНИЯ,
ОПЫТ – ВЕКТОРЫ
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ТРЕКОВ»

І КНИГА



Қостанай, 2023

УДК 37.02
ББК 74.00
И 63

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Куанышбаев Сеитбек Бекенович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры, география ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының мүшесі;

Жарлыгасов Женис Бахытбекович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор;

Скударева Галина Николаевна, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Мәскеу облысындағы МОУ «Мемлекеттік гуманитарлық-технологиялық университеті» ректорының м.а.; Ресей Федерациясының жалпы білім беру ісінің құрметті қызметкері, Ресей;

Бережнова Елена Викторовна, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Мәскеу халықаралық мемлекеттік қатынастар институты, Ресей;

Ибраева Айман Елемановна, «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ жетекшісі;

Онищенко Елена Анатольевна, «Педагогикалық шеберлік орталығы» жекеменшік мекемесінің Қостанай қаласындағы филиалының директоры;

Демисенова Шнар Сапаровна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі;

Утегенова Бибикуль Мазановна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының профессоры;

Смаглий Татьяна Ивановна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің, педагогика ғылымдарының кандидаты; педагогика және психология кафедрасының қауым.профессоры;

Жетписбаева Айсылу Айратовна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Ы.Алтынсарин атындағы әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.

«Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары»: 2023 жылдың 17 ақпандағы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. I Кітап. – Қостанай: И 63 А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023. – 1081 б. = «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков»: Материалы международной научно-практической конференции, 17 февраля 2023 года. I Книга. – Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023. – 1081 с.

ISBN 978-601-356-244-5

Жинаққа «Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары» атты Алтынсарин оқулары халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілген.

Талқыланатын мәселелердің алуан түрлілігі мен кеңдігі мақала авторларына заманауи білім беруді жаңғырту мен дамытудың, осы үдерісте қазақ ағартушыларының педагогикалық мұрасын пайдаланудың жолдарын, мұғалімдерді даярлаудың тиімді технологиялары мен форматтарын әзірлеу мен енгізу мәселелерін, ақпараттық қоғамдағы білім беру кеңістігінің ерекшеліктерін айқындауға, сондай-ақ педагогтердің инновациялық қызметінің тәжірибесін жинақтауға, педагогикалық үдеріс субъектілерін психологиялық-педагогикалық қолдауға мүмкіндік берді.

Бұл жинақтың материалдары ғалымдарға, жоғары оқу орындары мен колледж оқытушыларына, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілерге, педагог-психологтарға, магистранттар мен студенттерге қызықты болуы мүмкін.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков». Многообразие и широта обсуждаемых проблем позволили авторам статей определить векторы модернизации и развития современного образования, использования в данном процессе педагогического наследия казахских просветителей, вопросов разработки и внедрения эффективных технологий и форматов подготовки учителей, специфики образовательного пространства в информационном обществе, а также обобщения опыта инновационной деятельности педагогов, психолого-педагогической поддержки субъектов педагогического процесса.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-244-5



9 786013 562445

УДК 37.02
ББК 74.00

© А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023
© Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023

коррекция их педагогической позиции, позволяющих понимать своего ребенка, строить правильно общение с ним и совместную деятельность.

Традиционными в школе являются такие формы организации работы с родителями по формированию навыков здорового образа жизни у детей, как физкультурные досуги и спортивные праздники с участием родителей и педагогов, консультации, беседы. Но проблема в том, что родители чаще всего выступают в роли зрителей и реже в качестве участников спортивных мероприятий [5, с. 75].

Сегодня, когда родители зачастую испытывают трудности в общении с собственным ребенком, нельзя ограничиваться только пропагандой педагогических знаний, в которой родители лишь пассивные участники. Эффективность работы дают такие формы работы, на которых знания преподносятся в процессе сотрудничества педагога и родителей, активного взаимодействия взрослого и ребенка. Одной из таких форм являются совместные занятия физическими упражнениями родителей и детей. На них родители приобретают не только теоретические знания, но и овладевают практическими умениями в области физического воспитания детей. А в случае участия педагога, руководителя физического воспитания и родителей происходит сплочение семейных отношений между детьми и родителями.

Даже в то далекое время С.Кубеев смог понять большое значение народной педагогики в деле воспитания. В своем произведении «Сбывшаяся мечта» писатель – педагог особенно подчеркивает тему воспитания в детях культуры общения с людьми, много говорит о методике преподавания в школе [4, с. 5].

Большое педагогическое наследие Ы.Алтынсарина и С.Кубеева до сих пор не теряет своей новизны, методической ценности и необходимости. Они оставили огромное наследие по воспитанию и образованию молодого поколения. Мы уверены, что даже спустя несколько столетий имя великих педагогов будет помнить каждый из нас.

Список литературы:

1. Гребенников И.В., Ковинько Л.В. Семейное воспитание. Москва: Полииздат, 1990. 319 с.
2. Джумагулов К.Т. Алтынсарин и развитие культуры казахского народа. Алма-Ата: Казахстан, 1984, 203 с.
3. Научный журнал «Ізденіс». Алматы, 2002, №1, 271 с.
4. Районная газета «Сельские вести» – п.Боровское, 18.06.1993, №32(7513) 6 с.
5. Сластенин В.А., Исаев И.Ф., Шиянов Е.Н. Общая педагогика. Москва, 2003. Ч.2. 256 с.

ӨОЖ 37.034

Ы.АЛТЫНСАРИН МЕН С.КӨБЕЕВТІҢ БІЛІМ БЕРУДІҢ ЗАМАНАУИ БАҒЫТЫНДАҒЫ АҒАРТУШЫЛЫҚ ИДЕЯЛАРЫНЫҢ ҮНДЕСТІГІ

*Доцанова Куланда Арыстанбаевна
тәрбиеші*

*«Ыбырай Алтынсарин атындағы мамандандырылған
мектеп – гимназия – интернаты»*

Қостанай қаласы, Қазақстан

E – mail: kdoshanova1969@mail.ru

Аңдатпа

Ұлы тұлғалар Ы.Алтынсарин мен С.Көбеевтің ортақ арманы, алға қойған мақсаттары бір болды. Олар қазақ халқының дамуын қалады, өз елінің азаматтарын білімге – оқуға шақырып, саналы, оқыған ұрпақ тәрбиелегісі келді. Шығармашылық бағытындағы туындыларының да мазмұнын алып қарасақ, көптеген сәйкестікті, үндестікті байқаймыз.

Түйінді сөздер:*саналы ұрпақ, оқу – білім, еңбек, болашақ, ұрпақ.*

Аннотация

У великих личностей И.Алтынсарина и С.Кубеева была одна общая мечта, одна цель. Они хотели развития казахского народа, призвали граждан своей страны учиться и воспитывать сознательное, обученное поколение. Если посмотреть на содержание произведений творческого направления, то можно заметить много совпадений, созвучий.

Ключевые слова:*сознательное поколение, обучение – образование, труд, будущее, поколение.*

Abstract

The great personalities Y.Altynsarin and S.Kobeev had a common dream and goals. They wanted the development of the Kazakh people, they wanted to encourage the citizens of their country to learn, to educate a

conscious and clever generation. If we take into account the content of his works in the creative direction, we see a lot of harmony and harmony.

Key words: *conscious generation, Education, Labor, future, generation.*

*Көп адам дүниеге бой алдырған,
Бой алдырып, аяғын көп шалдырған.
Өлді деуге сыя ма, айтыңдаршы,
Өлмейтұғын артына сөз қалдырған?
(Абай Құнанбайұлы)*

Қазақтың қара домалақ баласына «Әліппені» ұстатып, «Кел, балалар, оқылық» деп алғаш рет қараңғы қазақ халқының сауат ашуына алғашқы болып үндеу салған Ыбырай Алтынсариннің есімін білмейтін адам баласы жоқ шығар?! Міне, бірнеше жылдар бойы Ыбырай Алтынсарин атындағы дарынды балаларға арналған мектеп – интернатының қабырғасында қызмет етіп, «ұлы ұстаз» бастаған істі асқақтатып, жалғастырып отырған жайымыз бар. Сондықтан да сөзімді осы кісінің дана, дара жолынан бастасам деп отырмын.

Ұлы ұстаз ғұмырын халық ағарту ісіне, мектеп ашып, кітап бастырып, бала оқытуға арнаған талантты ақын, терең ойшыл, ғұлама. Біз Ыбырай Алтынсаринді «қазақ ұлттық педагогикасының іргетасын қалаушы» деп толық айта аламыз. Ол қазақ ағарту ісінің көрнекті өкілі, педагог, мектептегі білім беру саласының белгілі қайраткері [1, б. 12].

Ағартушылықты жақтаушы Ы.Алтынсарин білімді адамның ардақты борышы – балаларға білім беру деп санаған. Шалғай түкпірде мектеп ашу жұмысының қиыншылықтарына қарамастан, ағартушылық идеялармен қанағаттанған Ы.Алтынсарин көздеген мақсатына кірісті. Ауыл – ауылды аралап, халыққа кәсіптік білімнің маңызы мен мақсатын түсіндірді. «Мектеп – қазақтарға білім берудің басты құралы. Бізге ең ауыр, жауапты кезең кез келіп отыр: бұл кезеңде біз бәрін жаңадан бастап жасауымыз керек, осы жаңалықтың бәрін қараңғы халықтың арасына енгізіп, күшіміздің келгенінше, біліміздің жеткенінше, олардың көзін ашуымыз керек, – деген екен қазақ жанашыры.

«Оқысаңдар, балалар,
Шамнан шырақ жағылар.
Тілегенің алдынан
Іздемей – ақ табылар.
Кел, балалар, оқылық!
Оқығанды көңілге

Ықылыласпен тоқылық!...» – деп, ақын оқудың пайдасын айта отырып, бір жағынан жастарды оқуға, білім алуға үндесе, екінші жағынан, оқу, өнер, ғылым – білімге, оның жалпы халық үшін керектігіне еш мән бермейтін ескі көзқарастарға соққы береді. Өмірдегі сарқылмайтын мол байлық – білім екендігін айта отырып, білімге адамның қолы жетуі үшін, ерінбей оқу, қажымай еңбек ету керектігін түсіндіреді. Ойшыл ғұламаның жастардың білімді, оқыған адам болғандағы мақсаты өз халқының бір керегіне жарап, еліне қызмет жасау, оны «тастан сарай салдырып, айшылық алыс жерлерден көзінді ашып – жұмғанша, жылдам хабар алғызатын» елдердің қатарына көру деп білді. Келешекке сенімі мол Ыбырай бабамыз өмірдің көркі, болашақтың иесі – жастар деп ұқты. Ақынның қай туындысын алсақ та, тәрбиелік мәні зор, тек адами жақсы қасиеттерге шақыратын, бүгінгі ұстаздар аузынан тастамайтын үзінділер, қазіргі жастарымызға да өнегелі тәрбие беретін, салықалы, ақылды, білімді ұрпақ өсіретін баға жетпес мұра деп толық айта аламын.

Сол Ыбырай бастаған дана істі жалғастырып, ақынның ағартушылық ізін басқан өлкеміздің тағы бір ерекше тұлғасы – Спандияр Көбеев. С.Көбеев – Ыбырай Алтынсарин үлгісіндегі педагог – жазушы. Өз ұстазына еліктеп, ол ұстаздық қызметін ағартушылық қызметін дамыту үшін пайдаланған. Қазақ халқы арасында озық елдердің мәдениетін, әсіресе, орыс әдебиетін насихаттаған. Сол арқылы С.Көбеев ұлы Ыбырай Алтынсарин негізін қалаған қазақ әдебиетіндегі демократтық – ағартушылық бағытты әрі қарай жалғастырады және жаңа жағдайға лайықты дамытты [2, б. 201]. Қасиетті Қостанай өңірінің азаматы, қоғам қайраткері, жазушы, Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі Спандияр Көбеев мектеп жасына жетіп қалған кезінде әкесімен бірге сол кездегі дәулетті кісі Соқытбайдың ауылына барғанда, Ыбырай Алтынсаринді көреді. Көп кешікпей сол ауылда ұлы ағартушы Ыбырай Алтынсарин бірінші рет екі жылдық мектеп ашады. Сол кісінің көмегімен Спандияр Көбеев сол мектепке алынады. Кейін Қостанай қаласындағы Алтынсарин ашқан орыс – қазақ мектебінде оқуын жалғастырады. Осылайша жылдар өте жазушы ұлы ұстаздың бастаған ісін жалғастырды, оның қоғамға жасаған еңбегін көрсеткісі келді. Оның соңғы жылдары жазған «Орындалған арман» атты мемуарлық еңбегі өңделіп, екінші рет кітап болып баспадан шығады. Кітаптың негізгі мазмұны педагог – жазушының өткен өмір жолы, қоғамдық қызметі, ортасы мен дәуірі жайлы шығарма. Әсіресе, Ыбырай Алтынсариннің халықтық қызметін көрсетуге көп көңіл бөлген, ағартушы – педагогтың образын жасайды, онымен кездесулерін әсерлі баяндайды. Ұлы ағартушының ізбасары Спандияр Көбеевтің кезінде жоғары бағаланып, екі дүркін «Ленин» орденімен марапатталып, «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мұғалімі» деген құрметті атақ алған. Ыбырай салған ағартушы –

демократтық үлгідегі педагог – жазушы Спандияр Көбеев өз ұстазының жолын үлгі тұтып, ағартушылық идеясын педагогтік қызметі арқылы насихаттаған, жаңа жағдайға сай дамытты. Ол өзінің өмірлік мұратын мұғалімдікпен ұштастырды. «Ыбырайдың өмірден озуы менің оқытушы боламын деген ынта – ниетімді біржолата баянды етіп бекітті», – дейді. Халқының жанашыры да ұстазы бастаған ағартушылық жолында болған қиындықтармен күресті. Арнаулы салған мектеп үйінің жоқтығы, жабдықтар мен оқу құралдарының жетпеуі, ел ішіндегі надан көзқарастармен жас мұғалім жалғыз күресе жүріп, балаларға арнап «Үлгілі тәржімә», «Үлгілі бала» сияқты асыл туындылары дүниеге келеді. Қараңғылық пен надандықтан халқын құтқарып, білімнің ұрығын себуге талаптанған жазушы бала оқытады, елді тәрбиелеуге көмегін тигізетін әдеби шығармалар жазады. Спандияр Көбеев те Ыбырай Алтынсарин сияқты тек оқу – ағарту қызметінде ғана емес, сонымен қатар қазақ әдебиетінің тарихында да елеулі орын алды. Оның ағартушылық, педагогтік және жазушылық қызметі өзі өмір сүрген заманның талабынан туды, халықтың рухани тілегіне жауап берді.

Көріп отырғандай Ыбырай Алтынсарин болсын, Спандияр Көбеев болсын, олардың ортақ арманы, алға қойған мақсаттары бір болды. Олар қазақ халқының дамуын қалады, өз елінің азаматтарын білімге – оқуға шақырып, саналы, оқыған ұрпақ тәрбиелегісі келді, халқының барынша көзі ашық болғанын қалады. Сол үшін бұл екі жанашыр ұстаз ерен еңбек атқарды. Олардың жүрегі «қазақ» деп соқты. «Қазақ жанашырлары» өз өмір жолдарын ағартушылық – педагогтік қызметке арнады [3, б. 16]. Сол кезде болашаққа көз жүгіртіп, өскелең ұрпақты дұрыс бағытқа бұрып, дұрыс тәрбие беруді ойлады. Олар жастарға сенді. Еліміздің болашағы жас ұрпақтың қолында екенін сол кезде – ақ ұғынған бұл екі дана есімдердің атқарған баға жетпес істері еліміздің, әдебиетіміздің, педагогика саласының тарихында өшпес із қалдырғаны айдан анық.

Осы күні де бұл ғұламалардың есімдері халық аузында. Ыбырай Алтынсарин мен Спандияр Көбеевтің ағартушылық, педагогтік жолындағы үндестігі, бірі ұстаз, бірі шәкірт болып бастаған игі істерінің ұқсастығын анық көре аламыз. Шығармашылық бағытындағы туындыларының да мазмұнын алып қарасақ, көптеген сәйкестікті, үндестікті байқаймыз.

Қазіргі заманда, болашақта да бұл ойшылдардың қайратты мінезді талап ететін атқарған қызметі ұмытылмайтыны хақ. Қай қазақты алсақ та, «білім, оқу» дегенде аузына Ыбырай Алтынсариннің «Кел, балалар оқулығы» түседі.

«Ұлы адамдар өз ескерткішінің тұғырын өзі орнатады, ал мүсінін болашақ соғады» деген Виктор Гюгоның керемет бір сөздері бар. Өте жақсы айтылған ой. Ұлы бабаларымыз бізді «халық» деп танитын ел болуы үшін септігін тигізді. Артынан баға жетпес қазына, асыл мұра – шығармалары мен туындыларын, еліне атқарған маңызды із қалдырды. Енді барлығы болашақ өскелең ұрпақтың қолында. Олар ескерткіштің тұғырын орнатты, ал біз болсақ оның дұрыс бағыттағы мүсінін соғуымыз керек. Жастарға жастайынан дұрыс тәрбие беріп, олардың бойындағы адамгершілік қасиеттерді оятып, оқу – білім, өнерге баулытып, өнерлі, өнегелі, тәрбиелі, саналы, салиқалы ұрпақты өсіру біздің міндетіміз. Осы ұлы ұстаздар бастаған дана істі мен де қызмет қылып таңдадым. Ыбырай мектебінде өз тәрбиешілік қызметімді бастап, әлі күнге дейін жұмысымды атқарып келемін. Мен осындай атақты ғұлама тұлғаның атындағы мектепте қызмет етіп, онымен қоса, оның ізбасары Спандияр Көбеевтің елі – Ақсуат ауылының келіні болғаным, сол кісінің ұрпағымен танысып, өзі қалаған және бүгінгі таңда Спандияр Көбеев атындағы мектеп қабырғаларын аралап, осындай жазушының елімен танысқаным қуанамын. Осындай Ыбырай Алтынсарин, Спандияр Көбеев сынды қазақ елінің ағартушылық пен ұстаздық жолында есімдері алтынмен жазылған Ұлы ғұламалармен біз, Қостанай өңірінің халқы, үлкен мақтанышпен айтамыз!

Әдебиеттер тізімі:

1. С.Көбеев, «Орындалған арман». А.,1954.
2. Ақылжанов М. Қазақ ағартушыларының қоғамдық саяси көзқарастарының қалыптасуы А.1975.
3. Сыздықов Ә. Ы.Алтынсариннің педагогикалық идеялар мен ағартушылық қызметі.А,1969